

БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІН ТҰЛҒАЛЫҚ-БАҒДАРЛЫ ТҰРҒЫДАН ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІН ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕУ

Семғалиева Аружан

«Білім берудегі менеджмент» ББ II курс магистранты
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ,
Қазақстан Ғылым жетекшісі, п.ғ.д., профессор -
Мұханбетжанова А.У.

Білім беру саласының менеджментінде оқу процесін тұлғалық-бағдарлы тұрғыдан ұйымдастыру тұжырымдамасының даму эволюциясы көптеген басқыштардан өткен. Білім беру саласын басқару жүйесінде оқу процесін ұйымдастырудың бірқатар кезеңдері бар. Оларға жеке-жеке тоқталсақ:


Бірінші кезеңі-оқу процесін ұйымдастырудың классикалық-авторитарлы кезеңі. 1900 жылдарға дейін кеңінен қолданылған басқару стилі болып табылады. Авторитарлы басқару стилінде мектептегі барлық ұйымдастыру жүйесі иерархиялық принципке сүйенеді. Классикалық-авторитарлы жүйенің басты тұжырымдамасы: оқушыға мұғалімнің тікелей әсер етуі негізге алынады. Ол бойынша оқушы таза қағаздай қабылданып, оқушыны оқу процесінде мұғалім білім мен тәрбие беру арқылы ұйымдастыру шаралары жүргізіледі.

Классикалық –авторитарлы жүйе бойынша оқу процесін басқару ерекшеліктері: оқушының тұлғалық ерекшеліктері есепке алынбайды, бүкіл сыныпқа жинақталған (топтастырылған) оқушылар, жаппай стандарттар бойынша білім беру шаралары жүргізіледі. Бүкіл оқушылар сыныбына типтік оқу бағдарламалары негізінде бірегей пәндер оқытылады және педагог сол процесті толық ұйымдастырушы, атқарушы және жүзеге асырушы функцияны атқарады.

Классикалық –авторитарлы жүйені жүзеге асырушы құралдар: сынып оқушыларына негізделі отырып құрастырылған стандарттық типтік бағдарламалар мен оқу жоспарлары.

Классикалық –авторитарлы жүйе бойынша оқу процесі жаппай бірегей әдіс-тәсілдермен жүзеге асырылады және сыныптағы оқушыларды жеке-даралық тұлғалық ерекшеліктері негізінде емес, жаппай сыныптық білім беру механизмдері іске қосылады. Қазіргі таңда қазақстандық білім беру жүйесі жартылай осы классикалық –авторитарлы басқару модулдеріне де сүйенеді. Бұл отандық ағартушылық реформаларының әлі де болсын өз деңгейінде жүзеге асырыла қоймағандығының көрінісі болса керек.

Классикалық –авторитарлы жүйенің көптеген авторлар қазіргі таңда сынға алып, бұл ескіліктің көрінісі немесе қалдықтары деген атаумен белгілеуде. Сонымен қатар классикалық –авторитарлы жүйенің индустриалды қоғам кезеңінде қажетті сұраныстарға жауап берген оқу процесін ұйымдастыру мен басқарудың моделі де болғандығы белгілі. Ал, қазіргі таңда ХХІ ғасырда цифрлық қоғамда тұлға ретінде жан-жақты функционалдық сауаттылығы мен құзыреттілік компоненттері қалыптасқан, ортаға тез бейімделе алатын, сыни көзқарастары дамыған жастардың қажеттілігі білім беру жүйесіне жаңашыл сұраныстар беруде. Міне, осы қоғамдық сұраныстарды қанағаттандыру үшін қазақстандық білім беру жүйесін классикалық – авторитарлы басқару моделінен оқушы тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту процесін ұйымдастыру моделіне көшіді қажет етеді (сурет-1).



Сурет-1. Оқу процесін ұйымдастырудың классикалық-авторитарлы моделі

Оқу процесін ұйымдастырудың классикалық-авторитарлы моделі бойынша мынадай басты менеджерлік сипаттамаларды атап өту керек болады:

1. Оқу процесін ұйымдастырудың классикалық-авторитарлы моделінің басқарушылық қағидаты: орта мектептегі басқару жүйесі субъект-объект қағидаттарына сүйенеді. Ол

бойынша субъект бұл мектеп әкімшілігі, педагогтар мен пән мұғалімдері, ал объект-бұл оқушылар. Оқу процесінде белсенділер бұл субъектілер. Субъектілер оқу процесінің ұйымдастырылуына толығымен жауапты. Субъектілер басқарушылар және ұйымдастырушылар болып, объектілерге «ақпарат жеткізуші» функциясын да атқарады. ал, объектілер, яғни оқушылар пассивті тыңдаушы роліндегілер. Оқу процесін ұйымдастыруда оқушылардың жеке-даралық және тұлғалық ерекшеліктері мен мұқтаждықтары басшылыққа алынбайды, бүкіл сынып оқушыларына жаппай принциптерге сүйене отырып бірегей білім беру кеңістігі құрылады.

2. Оқу процесін ұйымдастырудың классикалық-авторитарлы моделінің басқарушылық ерекшеліктері: субъектілер объектілердің үстінен қарап, вертикалды билікке ие болады. Бүкіл оқу процесі толық қаталдатылған қадағалау астында жүргізіледі. Барлық процестерді мектеп директоры басқарады. Оқушылардың тәрбиесі, тыңдағыштық пен тіл алғыштығы, мұғалім жеткізген материалдарды қабылдап алуы-оқу процесінің басты жетістікке жеткендігін дәлелдейтін факторлар болып табылады .

3. Оқу процесін ұйымдастырудың классикалық-авторитарлы моделінде тұлғаға қатысты қарым-қатынастар. Аталмыш басқару стилінде оқушының жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескеру принципі басшылыққа алынбайды. Жаппай бірегей стандарттар негізінде білім беру шаралары қарастырылады. Бұл аталмыш басқару жүйесін «білім берудің фабрикалық мектебі» деп те бекер атамаған.

4. Оқу процесін ұйымдастырудың классикалық-авторитарлы моделіндегі қадағалау әдістері: оқушыларды жазалау (психологиялық), өзара салыстыру, қатып қалған жүйеде қаталдатылған бағалау. Оқушылардың оқу үлгерімін жетілдіру мақсатында оқушыларды өзара салыстырып, бағалау жүйесі жазалау құралы ретінде қолданылды. Нәтижесінде оқушылар білім алуға деген мотивациясы өшіп, тек қорыққанынан (төмен баға аламын деп) мағлұматтарды қабылдауға тырысты .

Екінші кезеңі-оқу процесін ұйымдастырудың гуманистік кезеңі. Бастауыш сыныптағы оқу процесін ұйымдастырудың гуманистік ұстанымы бойынша оқушылар (немесе білім алушылар) басты құндылық болып алға тартылады. Оқу

үдерісіндегі барлық бағыттар сол білім алушының мұқтаждықтарын қанағаттандыруға негізделі отырып ұйымдастырылады.

Бастауыш сыныптағы оқу процесін ұйымдастырудың гуманистік ұстанымы бойынша басқару тетіктері демократиялық және тең деңгейде қарым-қатынасты құруға негізделеді. Бастауыш білім беру үдерісіндегі барлық процестер мынадай қағидатқа сүйене отырып жүзеге асырылады:

-мектеп директоры мен мектеп әкімшілігі мұғалімдер мен педагогтарды тең деңгейде байланыс орнатылатын серіктес ретінде қабылдайды және мектеп әкімшілігі бастауыш сынып мұғалімдері мен педагогтарының кәсіби жетілуі үшін барлық әкімшілік –материалдық- мотивациялық жағдайларды жасайды.

-өз кезегінде бастауыш сынып мұғалімдері мен педагогтары оқушыларды да оқу процесінің тең деңгейлі, тең құқықты тарапы ретінде қабылдайды және сол білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруды басты мақсат ретінде алушы білім беру кеңістігін құру үшін педагогикалық және әдістемелік шеберліктерін пайдаланады.

-бастауыш білім беру үдерісіндегі мектеп әкімшілігі де, пән мұғалімдері мен педагогтары да оқушының ата-анасымен кеңесе отырып барлық оқу процестерін ұйымдастырады. Ата-ана білім беру кеңістігін құрастыруда, мектептің басты стратегиялық мақсаттарын құруда, мектепшілік шаралардың жүзеге асырылуында белсенді түрде ат салысуға, кеңес беруге құқығы бар .

Бастауыш сыныптағы оқу процесін ұйымдастырудың гуманистік ұстанымын жүзеге асырудың құрал-жабдықтары. Осы аталмыш ұстанымды жүзеге асыру үшін мектеп әкімшілігі мынадай құрал-жабдықтарды кеңінен қолдануы тиіс болады:

-бастауыш білім беру үдерісінің барлық кезеңдері мектеп әкімшілігінің қолдауына сүйенуі.

-барлық дерлік білім беру кеңістігі психологиялық ортаға айналуы. Бұл дегеніміз оқу процесінің барлық тараптары (мұғалімдер, педагогтар, оқушылар, мектеп әкімшілігі, оқушылардың ата-аналары) өздерін сол үдерісте «құнды тұлға» ретінде сезіне білуі, солай санай алатындай психологиялық кеңістік құрастырылуы маңызды фактор болып саналады.

-бастауыш білім беру кеңістігінде ат салысатын барлық тараптардың өзін танытуына, өзін жетілдіруіне, өзін-өзі дамытуына қажетті жағдай жасалып, әкімшілік-қаржылай және мотивациялық қолдаулар көрсете білу қажет .

Егер бастауыш сыныпта гуманистік ұстаным бағытында оқу процесін ұйымдастырудың басты ерекшеліктеріне тоқталсақ. Осы бағытта зерттеулер жүргізген авторлардың қатарына – Ш. Амонашвили, В. Шаталов, Х. Сериков болды. Ғалымдар гуманистік ұстаным бойынша бастауыш білім беру үдерісін ұйымдастырудың мынадай артықшылықтары мен осы процестің өзіне тән басты ерекшеліктерін ажыратып көрсетті:

1. Бастауыш сыныптағы оқу үдерісінің толығымен психологиялануы. Бастауыш мектеп сатыларында көптеген қосымша психолог штаттары ашылады және кіші сынып жасындағы балалардың жас, даралық, психологиялық және тұлғалық ерекшеліктерін толығымен алдын ала диагностикалау арқылы оқу процесіне қойылатын сұраныстар мен талаптар анықтап алынады. Осы сұраныстарға жауап беру арқылы білім беру кеңістігі құрастырылады.

2. Бастауыш сыныптағы білім беру үдерісін ұйымдастыруда оқу процесінің барлық тараптарының өзара серіктестік құру арқылы жүзеге асырылу қағидаттарын ескеруі. Оқу процесіндегі қарым-қатынастар авторитарлы басқару стилінде емес, демократиялық стилде ұйымдастырылуы назарға алынады. Осы қағидат туралы алғаш реті ұсыныстар жасаған ғалымдар Ш. Амонашвили, В. Шаталов болатын. Авторлар оқу процесінде бір тарап бұйрық беріп, екінші тарап сол бұйрықтар негізінде білім беру кеңістігін құрастырудың оңтайлы оқу үлгерімі мен жетістіктерге

алып келмейтіндігі туралы көптеген педагогикалық және менеджменттік ұсыныстар жасаған еді. Жоғарыда аталған авторлар жалпы білім беретін мектепте әкімшілік жүйені толығымен өзгерту, командалық-әкімшілік-авторитарлы басқару стильдерінің оқу процесіне алып келетін теріс ықпалдары туралы бірқатар көзқарастарын білдірді.

3. Бастауыш сыныптағы оқу үдерісін ұйымдастыруда оқушылардың оқу үлгерімін анықтау мен баланы білім алуға деген жігерін арттыруда «қатып қалған» қаталдатылған бағалау жүйесін жойып тастау. Бағалау баланы жазалау құралы емес, білім алуына ынта беретін, мотивациялаушы құрал ретінде қолдануды ұсынған авторлардың бірі Х. Сериков еді. Баланың оқу үлгерімін бағалауда оқушының тұлғалық қасиеттеріне сипаттама бермей, өзіне деген сенімділікті жоймай бағалау жүйелерін қайта қарастыруды ұсынды.

Үшінші кезеңі-оқу процесін ұйымдастырудың субъективті-іс-әрекеттік кезеңі. Субъективті –әрекеттік ұстаным бойынша оқу процесі оқушылардың өмірлік тәжірибесін арттыруға бағытталады. Ол бойынша әрбір оқушы жеке-жеке өмірлік құндылықтары мен тарихы бар, өзінің өмірлік бағыттары бар тұлға. Ұстанымның авторы болып саналатын И. Якиманскаяның пайымдауы бойынша: оқу үдерісі білім алушыны (оқушыны) үлкен өмірге даярлайтын алғашқы баспалдақ болғандықтан, сол процесі ұйымдастыруда оқушыға ақпараттарды білім көзі ретінде ұсындай, сол мағлұматтарды өмірде қолдана білу дағдыларын жетілдіруге назар аудару керектігін айтады.

Бастауыш білім беру үдерісін ұйымдастыруда субъективті-іс-әрекеттік ұстаным бойынша басқару тетіктері: көпқырлы басқару стилімен ерекшеленеді. Ол бойынша белгілі бір арнаулы ажыратылған сыныптарда авторлық бағдарламалардың негізінде оқушылардың өмірлік тәжірибесін жинақтауға бағытталған білім беру траекториясын құру арқылы жүзеге асырылады.

Бастауыш білім беру үдерісін ұйымдастыруда субъективті-іс-әрекеттік ұстаным бойынша басқарудың құрал-жабдықтары:


- оқушылардың өзі таңдап алған білім беру траекториялық бағдарламалары;
- оқушылардың таңдауына сәйкес дифференциалдап оқыту әдістемелері мен тәсілдері.-оқушының жеке-даралық және тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру кеңістігін құру технологиясы.

Төртінші кезеңі-оқу процесін ұйымдастырудың цифрлық және тұлғаға бағытталған кезеңі. Қоғамның цифрлануына байланысты білім беру кеңістігін де жаңашыл ақпараттық технологиялардың соңғы элементтері негізінде ұйымдастырудың сұранысы туындады. Сонымен қатар өндірістік қоғамның аяқталуы-білім беру саласынан оқушылардың тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру ортасын қалыптастыру іспеттес жаңашыл талаптардың қойылуына да түрткі болды. Осындай жаңашыл өзгерістерден кейін бастауыш білім беру үдерісін ұйымдастыруда цифрлық және тұлғаға бағытталған ұстанымның негізі қаланды.

Бастауыш білім беру үдерісін ұйымдастыруда цифрлық және тұлғаға бағытталған ұстанымның басты қағидаты-цифрлық элементке сүйене отырып құрастырылған ортада оқушылардың тұлғалық ерекшеліктерін ескеру арқылы оқу кеңістігін құру. Бір сөзбен айтқанда бүкіл білім беру мақсатын-оқушы тұлғасына тікелей бағыттау.

Бастауыш білім беру үдерісін ұйымдастыруда цифрлық және тұлғаға бағытталған ұстанымның басқару тетіктері: оқу процесі толығымен оқушы тұлғасының барлық дарынды қасиеттері мен құзырлық компоненттерін аша түсуге, дамытуға бағытталған демократиялық стильдегі лидерлік басқару тетіктеріне негізделген. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының Жаңартылған мазмұндағы білім беру бағдарламасының басты концепциялары осы білім беру үдерісін

ұйымдастыруда цифрлық және тұлғаға бағытталған ұстанымның басқару тетіктерін басшылыққа алады деп толық айтуға болады (сурет-2).



Сурет-2. Оқу процесін ұйымдастырудың цифрлық және тұлғаға бағытталған ұстанымның басты қағидаттары

Бастауыш білім беру үдерісін ұйымдастыруда цифрлық және тұлғаға бағытталған ұстанымның басқару құрал-жабдықтары келесідей:

- жасанды интеллект элементтері.
- білім беру платформалары ен цифрлық технологиялардың соңғы үлгідегі жетістіктері.
- оқушылардың тұлғалық ерекшеліктеріне негізделе отырып қабылданған (құрастырылған) жеке білім беру жоспарлары.
- оқушылардың жеке даралық дағдыларын дамытуға бағытталған құзыреттілік компоненттерін арттырушы білім беру

траекториялары .

Бастауыш білім беру үдерісін ұйымдастыруда цифрлық және тұлғаға бағытталған ұстанымның басты қағидаты-цифрлық элементтерге сүйене отырып құрастырылған ортада

оқушылардың тұлғалық ерекшеліктерін ескеру арқылы оқу кеңістігін құру. Бір сөзбен айтқанда бүкіл білім беру мақсатын-оқушы тұлғасына тікелей бағыттау.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. В. Сериков Личностный подход в образовании.
2. И. Якиманская. Технология личностно-ориентированного обучения.
3. Мұқанова Б.Ж. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі.
4. Нұртазина Р.А. Педагогикалық шеберлік негіздері.
5. Тәжібаева С.Қ.Білім берудегі тұлғалық-бағдарлы тәсілдер
6. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы
7. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандарты

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламалары